

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы N 1137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 1333 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы N 1137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 40, 367-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесінде:

3 және 23-тармақтарда "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1-тармақта "республикалық ресми баспасөзде" деген сөздер "мерзімді баспасөз басылымында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3 - т а р м а қ т а :

"сауда" деген сөз "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің," деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі